

**8D04103 – «ЭКОНОМИКА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІ ҮМІТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЕМТИХАН
СҰРАҚТАРЫ**

БІРІНШІ БЛОК БОЙЫНША СҰРАҚТАР

1. Өндірістегі «балама құн» ұғымын мысал келтіре отырып, түсіндіріңіз және балама құнды кәсіпорын қызметінде анықтаудың қажеттілігі неде екендігіне тоқталыңыз
2. «Сұраныстың көлемінің өзгеруі» мен «сұраныстың өзгеруі» ұғымдарының мәнін салыстыра отырып түсіндіріңіз
3. Сұраныстың икемділігі ұғымына анықтама беріңіз, оның түрлеріне тоқталыңыз
4. Фирманың өндіріс шығындары ұғымына анықтама беріңіз, олардың түрлерін қарастырыңыз
5. Сұраныстың бағалық икемділігіне анықтама беріңіз, сұраныстың бағалық икемділігіне байланысты сұранысы қалай ажыратылатындығына тоқталыңыз. Сұраныстың бағалық икемділігі мен түсімнің арасында қандай байланыс бар екендігін түсіндіріңіз
6. Сұраныстың табыс бойынша икемділігіне анықтама беріңіз, табыс икемділігіне байланысты тауар сипаттарын атаңыз
7. Өндіріс ауқымынан болатын өспелі, кемімелі, тұрақты үнемдеу ұғымдарына тоқталып, оларды нақты мысалмен ажыратып көрсетіңіз
8. Нарықта тапшылықтың және артықшылықтың орын алуының себептерін түсіндіріңіз
9. Бәсеке жағдайына байланысты нарықтың құрылымдарына тоқталып, оларға сипаттама беріңіз
10. Жетілген бәсеке жағдайында фирма қысқа мерзімде пайда табады, ал ұзақ мерзімде оның экономикалық пайдасының болмау себебін түсіндіріңіз
11. Монополия нарығындағы салаға кіру және саладан шығу кедергілерін атап, оларды түсіндіріп беріңіз
12. Баға дискриминациясы ұғымын түсіндіріп, оны қолдану арқылы фирма қандай артықшылықтарға ие болатындығын қарастырыңыз
13. Жетілген бәсеке нарығы мен монополия нарықтарының белгілерін салыстыра отырып талдаңыз
14. Монополия нарығының артықшылығы мен кемшіліктеріне, қоғамға тигізетін зиянына тоқталыңыз
15. Монополия, жетілген бәсеке және монополиялық бәсеке нарықтарының белгілері бойынша салыстырмалы талдау жасаңыз
16. Дуополия нарығында бәсекелесуші фирмалардың дербес шешім қабылдаудың қандай салдары болатындығын түсіндіріп беріңіз
17. Нарық дәрменсіздігі немесе нарықтың осал тұстарының орын жағдайларына тоқталыңыз және ол жағдайдың салдарын түсіндіріңіз
18. Жалпы ішкі өнім ұғымына анықтама беріңіз. Атаулы және нақты жалпы ішкі өнім көрсеткіштерінің ерекшеліктеріне тоқталыңыз
19. Жиынтық сұранысты құраушы компоненттерді атаңыз. Жиынтық сұраныс қисығы (AD) теріс көлбеулі орналасады, оның себептерін атаңыз және олардың әсер ету механизмдерін түсіндіріңіз
20. Кейнс теориясы бойынша қысқа мерзімдегі экономиканың ерекшелігіне сипаттама беріңіз. Қысқа мерзімдегі жиынтық ұсыныс моделін құрып, оны түсіндіріңіз
21. Классикалық теория бойынша ұзақ мерзімдегі экономиканың ерекшелігіне сипаттама беріңіз. Ұзақ мерзімдегі жиынтық ұсыныс моделін құрып, оны түсіндіріңіз (сипаттама жасаңыз)
22. AD-AS үлгісін қолдана отырып, макроэкономикалық тепе-теңдіктің орын алу жағдайын түсіндіріңіз

23. Экономикалық цикл ұғымына анықтама беріңіз. Экономиканың циклді түрде даму себептерін түсіндіріңіз. Экономикалық цикл сатыларына сипаттама беріңіз
24. Инфляция ұғымына анықтама беріңіз, инфляцияның түрлерін қарастырыңыз. Инфляцияның орын алу себептері мен салдарына тоқталыңыз.
25. Жұмыссыздық ұғымына анықтама беріңіз, жұмыссыздықтың түрлерін қарастырыңыз. Жұмыссыздықтың орын алу себептері мен әлеуметтік- экономикалық салдарына тоқталыңыз.
26. Макроэкономикадағы жинақтау ұғымын түсіндіріңіз, оның түрлерін ажыратыңыз. Үй шаруашылығын жинақтауының негізгі себептерін атаңыз
27. Тұтыну мен жинақтаудың арақатынасына тоқталыңыз, олардың функцияларын көрсетіңіз. Тұтыну мен жинақтаудың динамикасына әсер ететін факторларға тоқталып, олардың әсер ету салдарын түсіндіріңіз
28. Макроэкономикадағы инвестиция ұғымына анықтама беріңіз, типтерін атаңыз. Инвестицияның динамикасы мен тұрақсыздығына әсер ететін факторларды атаңыз, олардың әсер ету механизмдерін түсіндіріңіз
29. Игіліктер нарығындағы инвестиция мен жинақтаудың өзара байланысына тоқталыңыз. Тауар нарықтарындағы теңдестіктің қалыптасу механизмін түсіндіріңіз
30. Ақша нарығындағы сұраныс пен ұсыныс ұғымдарына тоқталыңыз. Ақша нарығындағы теңдестіктің қалыптасу механизмін түсіндіріңіз
31. Кейнстік теорияға сәйкес, ақшаны қолма-қол түрде ұстаудың себептеріне тоқталыңыз. Қолма-қол ақшаға сұраныстың балама шығындарына тоқталыңыз
32. Экономикалық өсу ұғымына анықтама беріңіз, экономикалық өсудің факторлары мен модельдері туралы айтыңыз
33. Ашық экономика. Сыртқы сауданың мақсаты мен құралдарына тоқталыңыз. Сыртқы сауданың жүзеге асуына қатысты теориялық тұжырымдарға тоқталыңыз
34. Еркін сауданың мәні, оны жақтайтын және оған қарсы пікірлер туралы айтыңыз. Протекционизмнің артықшылығы мен кемшіліктеріне тоқталыңыз
35. Валюта бағамдарының түрлері, оларға әсер ететін факторлар туралы айтыңыз. Валюта саясатының мақсатына тоқталыңыз
36. Қаржылық талдау әдісінің артықшылықтарын сипаттаңыздар
37. Қаржылық талдау бағыттары бойынша көрсеткіштер топтарын қарастырыңыздар
38. Жүйелік талдауды жүргізу сатыларын көрсетіңіздер
39. Салыстырмалы және орташа шамалар әдістерін сипаттаңыздар
40. Экономикадағы индекстік әдістің ерекшеліктерін сипаттаңыздар
41. Талдаудың математикалық әдістерін сипаттаңыздар
42. Экономикалық-математикалық модельдеуді экономикалық қызметті зерттеу тәсілі ретінде келтіріңіздер
43. Экономикалық зерттеулердегі математикалық статистика әдісін сипаттаңыздар
44. Сыртқы әсерлердің мәні, түрлері және ықпалына тоқталыңыз. Сыртқы оң әсердің ықпалын арттыру және теріс әсердің ықпалын бәсеңдету жолдарын қарастырыңыз
45. «Табыс-шығын» үлгісін негізге ала отырып, табыстың сыртқа кетуі сырттан келуі ұғымдарын түсіндіріңіз, оларға мысал келтіріңіз
46. Жалпы ішкі өнімді шығындар бойынша есептеу әдісін түсіндіріңіз, оны есептеуде экономикалық агенттердің қандай шығындары есепке алынатындығына тоқталыңыз
47. Жалпы ішкі өнімді табыстар бойынша есептеу әдісін түсіндіріңіз, оны есептеуде экономикалық агенттердің қандай табыстары есепке алынатындығына тоқталыңыз
48. Макроэкономикадағы баға индекстеріне тоқталыңыз. ЖІӨ дефляторын мәнін ашыңыз және есептеу әдістемесін түсіндіріңіз.
49. Таза ішкі өнім, ұлттық табыс, жеке табыс және қолда бар табыс көрсеткіштерінің макроэкономикалық мәнін түсіндіріңіз, есептеу әдістемелерін көрсетіңіз
50. Макроэкономикадағы жалпы жинақтаудың ұлттық жинақтаудың мәні мен құрамы. Жеке, мемлекеттік және сыртқы жинақтардың есептеу әдістемесін қарастырыңыз

51. Макроэкономикадағы сілкіністер. Жиынтық ұсыныстың жағымды және жағымсыз сілкіністері туралы айтыңыз. Сілкіністі тудыратын факторларға мысал келтіре отырып, AD-AS моделінде орын алатын өзгерістерді көрсетіңіз
52. Экономикадағы цикл сатыларын график арқылы түсіндіріңіз. Экономикалық циклдің түрлі сатыларында экономикада орын алатын жағдайларға талдау жасаңыз
53. Жұмыс күшінің құрамына тоқталыңыз. Жұмыссыздықтың деңгейін есептеу әдістемесін көрсетіңіз. Жұмыссыздық пен инфляция арасындағы байланысты Филлипс қисығы арқылы түсіндіріп беріңіз
54. Инфляциямен күресуде «сілкіністі терапия» және біртіндеп күресу әдістерінің қолданылу жағдайларын қарастырыңыз және олардың салдарын түсіндіріңіз
55. Салықтық ставка мен мемлекеттік бюджетке түсетін салықтық түсімдер арасындағы байланысты Лаффер қисығы арқылы көрсетіңіз, мысал келтіре отырып, талдау жасаңыз
56. IS-LM үлгісін қолдана отырып, тауар-ақша нарығындағы теңдестіктің қалыптасу механизмін қарастырыңыз
57. Оукен заңын жазыңыз. Оукен заңы бойынша жұмыссыздық пен ЖІӨ арасында қандай байланыс бар екендігін түсіндіріңіз
58. Инвестиция және жинақтау функциясын пайдалана отырып, IS қисығының мәнін түсіндіріңіз
59. Бюджет-салық саясатының мақсаты мен құралдары. Экономикадағы циклдік ауытқулар кезінде ынталандырушы және тежеуші бюджет-салық саясатын жүргізу ерекшеліктеріне тоқталыңыз және олардың мүмкін салдарын сипаттаңыз
60. Ақша-несие саясатының мақсаты мен құралдары. Монетарлық экспансияны және монетарлық рестрикцияны жүргізудің мақсаты мен ерекшеліктеріне тоқталыңыз және олардың мүмкін салдарын сипаттаңыз
61. Ақшаның сандық теориясының $MV=PY$ негізгі теңдеуін қолдана отырып, тауар мен ақша нарықтарындағы өзара арақатынасты қарастырыңыз
61. Неоклассикалық мектептің өкілі Р.Солоудың экономикалық өсу моделінің алғышарттарын, факторларын қарастырыңыз
62. Елдің төлем балансының макроэкономикалық мәнін ашыңыз, оның құрылымы мен бөлімдерінің өзара байланысын түсіндіріңіз
63. Лернер және Хиршман-Херфиндаль индекстерінің есептеу әдістемесін көрсетіңіз және мағыналарын түсіндіріп беріңіз
64. Орталық банктің міндетті резервтеу нормасын өзгерту арқылы Орталық банктің ақша ұсынысына әсері туралы қорытынды жасаңыз.
65. Ақша ұсынысы, ақша базасы және ақша мультипликаторы көрсеткіштері туралы айтыңыз, оларды есептеу әдістемесін көрсетіңіз.
66. Экономикалық қызметтің негізгі функцияларын сипаттаңыздар
67. Өндірістік мүмкіндіктер қисығының көмегімен балама шығындарды түсіндіріңіз және экономиканың тиімді жағдайына қатысты қорытынды жасаңыз
68. Нарықтағы бағаның тепе-теңдік бағадан ауытқуы кезінде орын алатын нарықтағы жағдай туралы қорытынды жасаңыз. Нарықтық тепе-теңдік моделін құрыңыз.
69. Сұраныс заңының бұзылу жағдайларын қарастырыңыз. Гиффен тауарлары және Веблен әсеріне қатысты пікіріңізді білдіріңіз
70. Экономикалық толқуларды түсіндіріңіз: экономикалық толқулардың фазалары.

ЕКІНШІ БЛОК БОЙЫНША СҰРАҚТАР

1. Мемлекеттің ақша-несие саясатын түсіндіріңіз. Ақша-несие саясатының әдіс-тәсілдері.
2. Фиманың экономикалық және бухгалтерлік шығындарын талдаңыз. Фирманың ауыспалы шығындары мен тұрақты шығындарының өзгерісі.
3. Кемімелі шекті өнімділік тұжырымдамасы теориялық тұрғыдан зерттелмегендігіне қарамастан, практикада дәлелденген. Осыған қатысты пікір білдіріңіз
4. Шекті және орташа шығындардың өндіріс көлемін анықтаудағы маңызы туралы қорытынды жасаңыз. Өндіріс шығындарын төмендетудің мүмкін жолдарын ұсыныңыз.
5. Бәсекені дамытудың қажеттілігіне тоқталыңыз. Қазақстандағы бәсекені қолдау мен дамыту тетіктеріне қатысты пікіріңізді айтыңыз
6. Монополия нарығын мемлекеттік реттеудің қажеттілігіне, құралдарына және монополияға қарсы саясаттың салдарына қатысты пікіріңізді білдіріңіз. Қазақстандағы антимонополиялық саясаттың тиімділігін бағалаңыз
7. Макроэкономикалық көрсеткіштер және олардың түрлері.
8. Хиршман-Херфиндаль индекстерінің есептеу әдістемесін көрсетіңіз және мағыналарын түсіндіріп беріңіз
9. Д.Рикардоның салыстырмалы артықшылықтар теориясы мен А.Смиттің абсолютті артықшылықтар теориясының негізгі идеясына қатысты пікір білдіріңіз
10. Жалпы ішкі өнімді есептеудегі проблемаларды қарастырып, оларға сыни тұрғыдан пікіріңізді білдіріңіз
11. ЖІӨ дефляторы көрсеткішінің негізінде инфляция туралы жасалуы мүмкін қорытындыларға тоқталыңыз
12. Жалпы ішкі өнімді арттырудағы инвестицияның ролін бағалаңыз
13. «Біғыстыру мәселесі» тұрғысынан алып қарағанда мемлекеттің бюджет-салық саясатының теріс салдарына сыни пікіріңізді білдіріңіз
14. Жиынтық ұсыныс сілкінісі орын алған жағдайда мемлекеттің тұрақтандыру саясаты жүргізіледі. Бұл саясаттың мәнін түсіндіріңіз.
Мемлекеттің тұрақтандыру саясаты салдары туралы қорытынды жасаңыз.
15. Қазақстандағы антиинфляциялық шаралар туралы айтыңыз, олардың нәтижелігіне қатысты ойыңызды білдіріңіз
16. Қазақстанның бюджет-салық саясатының ерекшелігі туралы айтыңыз, олардың нәтижелігіне қатысты ойыңызды білдіріңіз
17. Бюджет-салық саясатының экономикадағы мультипликативтік әсері туралы пікіріңізді білдіріңіз
18. Орталық банктің міндетті резервтерінің құрылуы. Міндетті резервтеу нормасын өзгерту арқылы Орталық банктің ақша ұсынысына әсері туралы қорытынды жасаңыз
19. Орталық банктің есептік ставканы өзгерту әрекетінің ақша ұсынысына әсері туралы қорытынды жасаңыз
20. Банктің ашық нарықтағы операцияларына және олардың ақша нарығына әсері туралы пікіріңізді білдіріңіз
21. Қазақстанның сыртқы сауда саясатының ерекшеліктеріне тоқталыңыз және оның нәтижелігіне қатысты сыни тұрғыдан баға беріңіз
22. Еркін сауданы дамытудың қажеттілігі. Еркін сауданың кемшіліктеріне қатысты сыни тұрғыдан пікір беріңіз
23. Ұлттық валютаны девальвациялау шараларының мақсатын түсіндіріңіз, оның оң және теріс тұстарына сыни тұрғыдан пікір білдіріңіз
24. Қазақстанның валюта саясатының ерекшелігі туралы айтыңыз, оның нәтижелігіне қатысты ойыңызды білдіріңіз
25. Әр түрлі валюта бағамы тұсында жүргізілетін ақша-несие және бюджет-салық саясаттарының тиімділігіне қатысты салыстырмалы талдау жасаңыз

26. Төлем балансының тапшылығын жою әдістері. Төлем балансының теңгерімділігін қамтамасыз етудің қажеттілігіне қатысты ойыңызды білдіріңіз
27. Сыртқы сауданы реттеудегі ақша-несие, бюджет-салық және валюта саясатының роліне баға беріңіз
28. Хекшер-Олиннің сыртқы сауда саясатына қатысты тұжырымна сыни тұрғыдан пікіріңізді білдіріңіз.
29. Сыртқы сауда саясатының заманауи теорияларын қарастырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз.
30. Мемлекеттік қарыз мәселесі. Мемлекеттің сыртқы қарызын жабуға қатысты сыни тұрғыдан пікір білдіріңіз.
31. Дамыған елдердегі экономикалық өсудің факторларын қарастырыңыз. Қазақстанның экономикасының өсу мүмкіндіктері мен негізгі факторларын бағалаңыз.
32. Мәселе бойынша экономикадағы жүйелік талдау үдерісінің кезеңдерін жасаңыздар, жүйелік тәсіл қағидаларын анықтаңыздар.
33. Экономикалық зерттеулерді жүргізу үшін ғылыми негізделген ақпараттық базаның қажеттілігін тұжырымдаңыздар.
34. Статистикалық зерттеулерде пайдаланылатын әлеуметтік әдістерді тұжырымдаңыздар
35. Мәліметтерді жинақтауды және топтастыруды құрылымдаңыз
36. Экономикалық құбылысты моделдеу сатыларын әзірлеңіздер
37. Модельдердің негізгі типтерін әзірлеңіздер
38. Экономика-математикалық зерттеу әдістерін тұжырымдаңыздар
39. Статистикалық зерттеулерде пайдаланылатын әлеуметтік әдістерді тұжырымдаңыздар
40. Мәліметтерді жинақтау мен топтастыру бойынша қорытынды жасаңыздар
41. ҚР-да ұлттық экономиканы макроэкономикалық реттеу тетіктері.
42. Экономикада салыстырмалы талдауды қолдану жөнінде қорытынды жасаңыздар
43. Қаржылық талдау модельдеріндегі негізгі көрсеткіштер арасындағы байланысты құрылымдаңыздар және бірдейлендіріңіздер
44. Ғылым облысындағы заманауи саясат туралы қорытынды жасаңыздар {Блок}=3
45. Экономикалық талдауды жүргізудің жалпы сызбасын әзірлеңіздер
46. Экономикалық талдаудың әдістері мен тәсілдері бойынша қорытынды жасаңыз.
47. Орташа және салыстырмалы шамаларға мысал келтіріңіздер
48. Мәліметтердің салыстырылуының негізгі шарттарын әзірлеңіздер
49. Факторлық талдау бойынша қорытынды жасаңыздар
50. Статистиканы ақпаратты алу құралы ретінде тұжырымдаңыздар
51. Қазіргі жағдайлардағы статистиканың міндеттерін әзірлеңіздер
52. Экономикалық үдерістердің негізгі деңгейлерін әзірлеңіздер
53. Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) және оның құрылымы, оны өлшеу әдістері
54. Қазіргі жағдайдағы Қазақстан Республикасы қаржы саясатының басым бағыттары.
55. Халықаралық саудадағы БСҰ-ның ролі және Қазақстанның оған кіру мәселелері
56. Ұлттық экономиканы салықтық реттеу жолдары
57. Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыруды қаржыландыру жолдары
58. ҚР-дағы шетелдік тікелей инвестициялардың тиімділік мәселелері
59. ҚР экономикасының нарық инфрақұрылымын қалыптастыру
60. ҚР-да тұрғын үйді несиелеудің даму болашағы
61. Қазақстан бағалы қағаздар нарығының дамуының заманауи тенденциялары
62. Қор биржалары: қызметі мен ұйымдастырылу құрылымы Ақша нарығындағы тепе-теңдік. LM – үлгісі
63. Мемлекеттік бюджет, бюджет тапшылығы және мемлекеттік қарыз
64. Ақша-несие саясаты, оның мақсаты мен құралдары
65. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының мақсаты мен негізгі бағыттары
66. Экономикалық өсу, оның типтері мен көздері
67. ҚР-да ұлттық экономиканы макроэкономикалық реттеу тетіктері.

68. Бизнесі экономикалық талдау жүйесінің мәнін түсіндіріңіз.
69. Кәсіпорынның айналым қаражатының айналымдылығы туралы түсінігіңізді қолданыңыз: мәні, кезеңдері және жылдамдату жолдарын қарастырыңыз.
70. Кәсіпорын қызметкерлерін қолданыңыз: түсінік және сипаттама.

ҮШІНШІ БЛОК БОЙЫНША СҰРАҚТАР

1. Кәсіпорын кадрларының құрамы мен құрылымын қолданыңыз: персоналдың сандық, сапалық сипаттамасының көрсеткіштерін атаңыз.
2. Еңбек өнімділігін және оны өлшеу әдістерін пайдаланыңыз.
3. Инновация (жаңа енгізілімдер) ұғымын: олардың табиғаты мен таралуының циклдігін қолданыңыз.
4. Өнім өндіру және сату шығындары туралы, құрамы және түрлері туралы түсінігіңізді қолданыңыз.
5. Кәсіпорын шығындарын құрайтын шығындардың сыныптамасын табыңыз.
6. Кәсіпорынның даму жоспарын пайдаланыңыз: негізгі бөлімдер мен көрсеткіштер.
7. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін қолданыңыз: түсінік, оны арттыру қажеттілігі.
8. Өнімнің сапасын таңдаңыз: түсінік, көрсеткіштер және оның деңгейін арттыру жолдары.
9. Кәсіпорынның қаржы ұғымы мен функцияларын анықтаңыз.
10. Кәсіпорынның қаржы ресурстарының және оларды қалыптастыру көздерінің байланысын анықтаңыз.
11. Кіріс пен пайданы кәсіпорынның шаруашылық қызметінің қаржылық нәтижелерінің жалпылама көрсеткіштері ретінде пайдаланыңыз.
12. Өндіріс рентабельділігін кәсіпорын жұмысының тиімділік көрсеткіші ретінде қолданыңыз.
13. Компанияның маркетингтік қызметін талдаңыз.
14. Өндіріс тиімділігі көрсеткіштерінің мәні мен жүйесінің байланысын анықтаңыз.
15. Өндірістің жалпы тиімділігін және оның көрсеткіштері жүйесін пайдаланыңыз.
16. Өндірістің экономикалық тиімділігін арттыру жолдары мен факторларына талдау жасаңыз.
17. Айналым капиталын қаржыландыру көздеріне тоқталыңыз.
18. Бизнесі экономикалық талдаудың тәсілдері мен әдістерін көрсетіңіз.
19. Кәсіпорынның өнім өндіру және сату көрсеткіштерін талдау үшін қандай ақпараттың және талдаудың қажеттілігін мазмұндаңыз.
20. Кәсіпорынның еңбек ресурстармен қамтамасыз етілуін талдаңыз.
21. Экономикалық және қаржылық талдау бизнес-жоспардың орындалуын негіздеу және бақылау әдісі ретінде қарастырыңыз.
22. Өнімнің шығарылуын және сатылуын талдаңыз.
23. Бизнесітегі бәсекелестікке сипаттама беріңіз.
24. Бизнесітегі еңбек және оның тиімділігін талдаңыз.
25. Кәсіпорынның материалдық ресурстарын пайдалануға талдау жасаңыз.
26. Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелеріне талдау жасаңыз.
27. Әлемдік еңбек бөлінісі (ХЕБ) және өндіріс факторлары. Әлемдік мамандандыру және өндірісті халықаралық кооперациялау түсініктеріне мысалдар келтіріңіз.
28. Әлемдік сауданы реттеудің нысандары мен әдістері. Сыртқы сауданы реттеудің тарифтік және тарифтік емес әдістеріне тоқталыңыз.
29. Капиталдың халықаралық көші-қоны: түсінігі, себептері, салдары, ерекшеліктері мен тенденциялары. Әлемдік капитал қозғалысының формаларын ажыратыңыз.
30. Тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ): түсінігі, формалары. ТШИ қозғалысының динамикасы, құрылымы және ерекшеліктерін сипаттаңыз.

31. Әлемдік капитал қозғалысындағы халықаралық компаниялардың рөлі. Қазіргі заманғы трансұлттық және көпұлтты корпорациялар, олардың артықшылықтарын көрсетіңіз.
32. Портфельдік инвестициялар: түсінігі, түрлері. Несиелік капиталдың көші-қоны. Әлемдік несие капиталы нарығының ұйымдастырушылық формаларын атаңыз.
33. Әлемдік несие нарығы. Әлемдік бағалы қағаздар нарығын сипаттаңыз.
34. «Инвестициялық режим», «инвестициялық климат» ұғымдары. Әлемдік инвестициялар қозғалысын мемлекеттік ынталандыру және шектеу.
35. Жұмыс күшінің халықаралық көші-қоны: түсінігі, себептері, түрлері, қазіргі даму тенденцияларын талдаңыз.
36. Әлемдік еңбек көші-қонының бағыттары мен экономикалық салдары. Жұмыс күшін тартудың заманауи орталықтарына мысалдар келтіріңіз.
37. Еркін экономикалық аймақтар (ЕЭА) түсінігін ашыңыз.
38. Әлемдік экономикадағы қаржы-экономикалық тұрақсыздықтың себептеріне тоқталыңыз.
39. ТМД шеңберіндегі интеграциялық процестерді дамытудың жолдарын көрсетіңіз.
40. Төлем балансы: тұжырымдамасы, құрастыру принциптері. Сауда балансы, оның түрлерін атаңыз.
41. Төлем балансын реттеу (Мемлекеттік және мемлекетаралық) және қаржыландыру жолдарын көрсетіңіз.
42. Әлемдік валюта жүйесі және оның эволюциясына талдау жасаңыз.
43. Әлемдік экономика елдерінің валюта-қаржы қатынастары. Валюта бағамы және оны анықтайтын факторларды көрсетіңіз.
44. Сырқы сауда – экономикалық қатынастарды реттеудегі Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымының қызметіне тоқталыңыз.
45. Ашық экономиканың мәнін ашыңыз.
46. Капиталдар қозғалысының факторлары. Капиталды шетке шығарудың ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
47. Халықаралық қызмет айырбасындағы инжиниринг пен франчайзингтің мәніне сипаттама беріңіз.
48. Халықаралық технологиялық айырбасты іске асыру жолдарын көрсетіңіз.
49. Халықаралық туризм қызметі және ХЭҚ-ғы транспорттық қызмет көрсетудегі проблемаларды ашыңыз.
50. Әлемдік қызмет нарығына мысал келтіріңіз.
51. Сыртқы экономикалық қызметтің Қазақстан экономикасын дамытудағы роліне тоқталыңыз.
52. Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті нормативті-құқықтық реттеу базасы
53. Қазақстан Республикасында инвестициялық жобалардың тиімділігін талдау ерекшеліктері
54. Инвестицияны экономикалық бағалау әдістерінің жіктелуі
55. Инвестицияның микро және макроэкономикалық дамудағы алатын рөлі
56. Бизнес-жоспар - инвестициялық жобаның басты құралы.
57. Инвестициялық жобаның өмірлік циклы.
58. Бизнесінің ішкі және сыртқы ортасын талдаңыз.
59. Бизнесінің өсу перспективалары қандай және оның табысына қандай факторлар әсер етуі мүмкін?
60. Бизнес жұмыс істейтін салада бәсекелестік орта қандай және ол бәсекелестерден қалай ерекшеленеді?
61. Бұл бизнеске инвестиция салудың негізгі тәуекелдері қандай және оларды қалай жеңілдетуге болады?
62. Бизнес капиталының құрылымы қандай және бұл инвестицияның кірісіне қалай әсер етуі мүмкін?

63. Бизнесің болашаққа арналған қандай стратегиялық жоспарлары бар және олар оның құнына қалай әсер етуі мүмкін?
64. Бизнесі бағалауға қандай факторлар әсер етуі мүмкін (мысалы, заңнамадағы өзгерістер, экономикалық жағдайлар, технологиялық инновациялар)?
65. Өндіріс рентабельділігі кәсіпорын қызметі тиімділігінің көрсеткіші ретінде.
66. Табыс және пайда кәсіпорынның шаруашылық қызметінің қаржылық нәтижелерінің көрсеткіші ретінде.
67. Кәсіпорында бағаның қалыптасуы.
68. Кәсіпкерлік қызметтегі тәуекел, оларды бағалау әдістері.
69. Кәсіпорынның негізгі капиталы: мәні құрамы және құрылымы. Негізгі қорларды бағалау түрлері. Негізгі өндірістік қорларды қолдану көрсеткіштері.
70. Негізгі қорлардың тозуы және амортизациясы. Амортизацияны есептеу әдістері.